

Тұрғын үй маңызды әлеуметтік-гигиеналық мәселе болып саналады. Тұрғын үйде адам өзінің өмірінің көп уақытын өткізеді, сондықтан тұрғын үй адамның денсаулығына, көңіл – күйіне, жұмыс қабілетіне әсер етеді. Үй адамды қоршаған орта факторларының теріс әсерінен; ыстық, суық, қар, жаңбырдан қорғану үшін, жұмыс істеуге және дем алуға оңтайлы жағдай жасау үшін қажет.

Үйде даладағы микроклиматтық жағдайға қарамастан тұрақты климат болу керек, оны микроклимат деп атайды, ол адамға жақсы жағдай тудырады.

Тұрғын үй гигиенасының негізгі міндеттері, адамның тұрғын үйі ғимараттарында болуы кезінде салауатты және қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған тиісті гигиеналық нормативтер мен ұсыныстарды ғылыми тұрғыдан негіздеу мақсатында тұрғын үй жағдайының тұрғындардың денсаулығы мен тұрмысына тигізетін әсерін зерттеуден тұрады.

Тұрғын үй ғимараттарына табиғаты жағынан қолайлы: биіктеу, суаттар мен көк желектерге жақын жерлерде, шу, өнеркәсіп шығарындылары, биологиялық ластаушы көздерінен едәуір қашық орналасқан жер телімі бөлінуі қажет. Жер телімінің өлшемі жеткілікті болуы керек, себебі, тұрғын үй ғимаратынан басқа, ол жерде балалардың ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыруға, жасыл желектер отырғызуға, тұрғындарға арналған демалатын зонаны бөлуге және қосымша құрылыстар салу үшін аумақтар қарастырылуы қажет.

Қазіргі кездегі, қала құрылысының қарқынды өсуі жағдайында, құрылыс тығыздығының жоғарылауына, аэрацияның төмендеуіне, тұрғын үйлердің маңында зиянды нысандардың орналасуына, құрылысқа уландыратын қасиеттері толық зерттелмеген әр түрлі композит-материалдарды пайдалануына, құрылыстардың жасыл желектерді азайтуына, т.б. байланысты өзгерген ортаның адамның денсаулығына зиянды әсер ету қаупі едәуір жоғарылайды.

Тұрғын үй маңызды әлеуметтік-гигиеналық мәселе болып саналады. Тұрғын үйде адам өзінің өмірінің көп уақытын өткізеді, сондықтан тұрғын үй адамның денсаулығына, көңіл –күйіне, жұмыс қабілетіне әсер етеді. Үй адамды қоршаған орта факторларының теріс әсерінен; ыстық, суық, қар, жаңбырдан қорғану үшін, жұмыс істеуге және дем алуға оңтайлы жағдай жасау үшін қажет.

Үйде даладағы микроклиматтық жағдайға қарамастан тұрақты климат болу керек, оны микроклимат деп атайды, ол адамға жақсы жағдай тудырады.

Тұрғын бөлме микроклиматы дегеніміз, ол сол бөлменің; Микроклиматқа температурадан басқа ауа ылғалдылығы да әсер етеді.

Бөлмеде ауа ылғалдылығы нормада 40-60 %

Қошаған ауаға жылу беру мөлшері ауа жылдамдылығына байланысты.

Ауа жылдамдылығы өскен сайын конвекция жолымен жылу беру өседі.

Адам өз өмірінің көп бөлігін үйде өткізеді, сондықтан адам үшін тұрғын үйдің атқаратын ролі ерекше. Үй адамды климаттық факторлардың (ыстықтан, желден, атмосфералық жауын-шашындардан) қолайсыз әсерлерінен қорғайды, оның ой еңбегімен айналысуына, бала тәрбиесі, демалуы үшін, еңбекке қабілеттілігін қайта қалпына келтіруіне және жеке басының гигиенасын сақтауға қолайлы жағдайлар туғызады. Жақсы тұрғын үй адамның денсаулығына, оның эмоционалдық жағдайына, жұмыс қабілетіне және барлық тұрмыс тіршілігіне қолайлы әсер етеді.

Тұрғын үйдің адамның физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес келуі бірқатар жағдайларға, атап айтқанда:

- елді мекендегі гигиеналық жағдайға, оның ішінде, құрылысты салу әдісіне және санитарлық тұрғыдан абаттандыру дәрежесіне;
- тұрғын үй ғимараттарынан тұратын ықшам ауданның гигиеналық жағдайына;
- тұрғын үй ғимаратының түріне, қолданылған құрылыс материалдарына, ғимарат бөліктерінің құрылысына;
- пәтердің ішкі жоспарлануына, бөлмелердің құрамы мен олардың өлшемдеріне;

- бөлмелерге күн сәулесінің түсуі мен жарықтануына;
- микроклиматтық жағдайлар мен жылытуға;
- ауаның тазалығы мен желдетілуіне;
- үйдің санитарлық жағдайына байланысты болады.

Осы аталған барлық мәселелерді **тұрғын үй гигиенасы** зерттейді. Тұрғын үй гигиенасының негізгі міндеттері, адамның тұрғын үйі ғимараттарында болуы кезінде салауатты және қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған тиісті гигиеналық нормативтер мен ұсыныстарды ғылыми тұрғыдан негіздеу мақсатында тұрғын үй жағдайының тұрғындардың денсаулығы мен тұрмысына тигізетін әсерін зерттеуден тұрады.

Тұрғын үй салуға жер ауданын және көлемін таңдау.

Тұрғын үйлердің ауданы жанұяның әрбір мүшесінде кемінде 8, 25 квадрат метрі дәл келетіндей етіп

болуы керек. Көпқабатты тұрғын үйлерді салуға орналасқан жерді таңдауда тұрғындар санына

байланысты 0,8 гектарға дейін болады. Тұрғын үйдің құрылысы, жері қалалық және ауылдық әкімшілі

к үкімімен бекітіледі де, тұрғын үйге арналған жерді босату мерзімі шешіледі. Тұрғын үйдің территориясы

тұрғындардың денсаулығына зиян келтіретін өндіріс, шулы, шаңды, түтіні көп мекемелерден, ірі транспорт

жолдарынан, су қоймаларынан, ойын-сауық орындарынан аулақ, әрі жарығы мол, таза жерден орын алады.

Тұрғын үй жерінің 30 % үй ғимаратына, 50 % өсімдіктер егу үшін, ал қалған жерін спорт, демалыс, шаруашылық,

тәжірибе алаңдарына пайдаланады. Тұрғын үйдің ауласы бірнеше аймаққа бөлінеді: қорғаныс, демалыс, спорт

және шаруашылық зоналары.



Altaynews.kz

I. Тұрғын үй құрылысына жер учаскесін таңдау. Тұрғын үй ғимараттарының түрлері.

Тұрғын үй ғимараттарына табиғаты жағынан қолайлы: биіктеу, суаттар мен көк желектерге жақын жерлерде, шу, өнеркәсіп шығарындылары, биологиялық ластаушы көздерінен едәуір қашық орналасқан жер телімі бөлінуі қажет. Жер телімінің өлшемі жеткілікті болуы керек, себебі, тұрғын үй ғимаратынан басқа, ол жерде балалардың ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыруға, жасыл желектер отырғызуға, тұрғындарға арналған демалатын зонаны бөлуге және қосымша құрылыстар салу үшін аумақтар қарастырылуы қажет.

Құрылыс ауданы 25 % аспау керек, ал 9-16 қабатты үйлер үшін 12,5-15% аралығында қолайлы болып табылады. Топырағы құрғақ, ластанбаған, сүзу қабілеті жоғары, грунт суларының тұрған деңгейі төмен болуы керек, өйткені, төменгі қабаттардағы бөлмелердің микроклиматы осы аталған жағдайларға байланысты болады. Тұрғын үйлер салынатын орындарға күн сәулесі жақсы түсетін және жақсы желдетілетін болуы керек, соның нәтижесінде бөлмелерде тиісті табиғи жарық пен ауа алмасуы қамтамасыз етіледі. 2-3 қабатты ғимараттардың фасадтары арасындағы қашықтығы 15 м-ден кем болмауы керек, ал биіктігі 4 қабат және одан да жоғары ғимараттардың арасындағы қашықтық 20 м-ден кем болмауы тиіс. Ғимараттардың терезелер орналасқан бүйір жақтарының ара қашықтықтары 15 м-ден кем болмауы керек. 9-16 қабатты ғимараттар мен бір және екі қабатты коттедждер арасындағы қашықтық, көп қабатты ғимараттың биіктігінен кем болмауы керек. 1-қабатында пәтерлер орналасқан тұрғын үйлерді қызыл сызықтан (көшенің сыртқы шегі) 2 м-ден кем емес шегіндіре салу қажет.

Тұрғын үйдің микроклимат көрсеткіштерін нормалағанда, адамдардың жасы, жыл мезгілі, климат жағдайлары, бөлменің қандай мақсатта пайдаланатыны ескерілуі керек, яғни нормативтер дифференциалды түрде бекітіледі. Бөлмедегі ауа температурасының орташа деңгейі және ауа температурасының тәуліктік ауытқулары, температураның тігінен және көлденінең алғандағы ауытқулары, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы мен қозғалу жылдамдығы нормаланады





Қорғаныс аймағы.

Қорғаныс аймағы (0,1-1,0 га) тұрғын үй кешенінің көше жағында орналасады.

Ол тұрғын үйді транспорт шуынан, газынан, көше шаңынан қорғайды, сондықтан түрлі ұзынды-қысқалы ағаштар, бұталар егіліп, гүлдермен безендіріледі. Көшенің көлік жолы мен қорғаныс аймағының арасы 25 м кем болмауы керек. Тұрғын үйдің терезелері мен бұл жердегі биік ағаштардың арасы 10 м, бұталардың арасы 5 м. Ағаштар мен бұталар бұдан жақын егілсе, өсе келе терезелерді көлеңкелеп, үй бөлмелерінің жарығын азайтады.

Тұрғын үй құрылысы практикасында қазіргі кезде көбінесе әр түрлі қабатты, бірақ пәтерлер жоспарланған үйлер қолданылады. Ірі қалаларда көп пәтерлі, көп қабатты ғимараттар салу, соңғы жылдары экономикалық мақсаттарға байланысты қарқынды жүзеге асырылуда. Мұндай құрылыс түрінде аумақтарды инженерлік дайындауға, жер асты коммуникацияларын жүргізуге шығын төмендейді, үлкен қалалардың маңайында барған сайын азайып бара жатқан жерлер ұтымдырақ пайдаланылады.



Қазіргі кезде әр түрлі нақты жағдайларға қолайлы болып табылатын тұрғын үй құрылысының ұтымды түрлері іздестірілуде. Мысалы, қазірдің өзінде, гимараттардың корпусы қиғаш, кертпеш түрінде салынууда, бұл кезде пәтерлер бірінің үстіне бірі, кемерленіп орналасады. Бұндай үйлердегі пәтерлердің тұрғындары, кез келген қабатта өздерін жайлы сезініп, биіктіктен қорқу сезімінен арылады, жоғарғы қабаттары төмендегі қабаттарын көлеңкелемейтіндіктен, барлық пәтерлерге күн сәулесі біркелкі түседі. Бірақ, көз жетерлік болашақта *«Тым биік»* тұрғын үйлер салу аса қолайлы болмайды.

